

БМСП дәрігерінің тәжірибесіндегі психикалық бұзылыстарды оңалту және психопрофилактика. БМСП жағдайындағы психикалық бұзылыстардың емі. Психотерапияның, психоформологияның негіздері

Орындаған: Алпысбай Жұлдыз

Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың қызметі туралы ережені бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 05 қаңтардағы № 7 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 ақпанда № 6774 тіркелді.

7. Дәрігерлік амбулатория психологының функционалдық міндеттеріне:

- 1) науқастардың психикалық денсаулығын қалпына келтіруге және тұлғалық дамуының ауытқуларын түзетуге бағытталған жұмысты жүргізу;
- 2) психопрофилактика, психотүзету, науқастарға психологиялық консультация беру бойынша жұмысты жүзеге асыру;
- 3) науқастарға және олардың туыстарына, жеке, кәсіби және тұрмыстық психологиялық проблемаларды шешуге көмек көрсету;
- 4) медицина персоналын медициналық, әлеуметтік психология және деонтология мәселелеріне оқыту бойынша жұмыс жүргізу кіреді.

МСАК деңгейінде медициналық қызметтердің ең төменгі көлемі

- 1) жалпы практика дәрігерінің, учаскелік дәрігер-терапевт/педиатр/акушер-гинекологтың МСАК және үйде қабылдауы;
- 2) учаскелік қызмет/жалпы дәрігерлік практика бөлімшесінің орта медицина қызметкерлерінің МСАК және үйде дәрігерге дейінгі көмек көрсетуі;
- 3) денсаулықты қорғау және нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру, ұтымды және саламатты тамақтану мәселелері бойынша консультация беру;
- 4) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен халықтың нысаналы топтарын профилактикалық медициналық тексеріп-қарау (скринингтік зерттеулер);
- 5) әлеуметтік қызметкердің МСАК ұйымдарында қабылдауы және әлеуметтік патронаж;
- 6) психологтың қабылдауы: жеке және топтық консультация беру;
- 7) отбасыны жоспарлау мәселелері бойынша консультация беру;
- 8) профилактикалық кабинеттерде, сауықтыру мектептерінде оқыту;
- 9) созылмалы ауруларды басқару бағдарламаларына сәйкес науқастарды және олардың отбасыларының мүшелерін өз-өзін бақылауға, өзіне және бір-біріне көмек көрсетуге үйрету;
- 10) созылмалы аурулар бар адамдарға телефон бойынша консультация беру;
- 11) жүкті әйелдерді, балаларды, оның ішінде нәрестелерді патронаждау;
- 12) ауруларды және оның асқынуларын стандартқа сәйкес аурулардың созылмалы нысандары бар науқастарды динамикалық бақылау арқылы бірінші және қайталама профилактикалу;
- 13) персоналмен және халықпен семинар-тренингтерді өткізуді ұйымдастыру;
- 14) тістерді және ауыз қуысының шырышты қабығына күту бойынша санитариялық-гигиеналық дағдыларға оқыту;
- 15) балаларға мектепке дейінгі білім беру балалар ұйымдары балаларының, орташа жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының, жүктілік бойынша есепке тұрған әйелдердің ауыз қуысын профилактикалық тексеру;
- 16) жүкті және босанған әйелдерді емдеу мен патронаж;

БМСК дәрігерінің психикалық бұзылыстар кезіндегі іс-әрекет алгоритмі

- Дәрігер қорытындысы: синдромальды психикалық бұзылыс бойынша құжаттарды рәсімдеу; Науқас мінез-құлық жай-күйін нақты сипаттап, ұсыныстар (рекомендация) тағайындау.
- Аймақтық психиатрды жедел шақырту немесе психиатрлық жедел жәрдем бригадасын шақырту немесе психиатрлық клиникаға тасымалдауды жүзеге асыру (жолдама арқылы).
- Науқас өзіне және айналасына қауіп төндірсе, оған қарсы физикалық іс-шаралар орындап, оны құжатқа жазу керек.
- Агрессивті немесе аутоагрессивті жағдайда медициналық көмек көрсетуге дайын болу.

БМСК дәрігерінің психотикалық емес бұзылыстар кезіндегі іс әрекет алгоритмі

1. “невроз”, “психотикалық емес органикалық бұзылыс” синдромальды диагнозы бойынша құжаттарды рәсімдеп, диагнозды растайтын науқас симптомдарын туралы жазу.
2. Психиатр немесе психотерапевт қарауына жолдама беру;
3. Науқас жағдайы туралы мәліметті аймақтық психотерапевтке жариялауға науқасан жазбаша келісім алуды рәсімдеу;
4. Жазбаша келісім бермеген жағдайда, құжат амбулаторлық науқастың медициналық картасына дәрігерлік қорытындымен бірге тігіледі;
5. Жазбаша келісім берген жағдайда, амбулаторлық науқастың медициналық картасына мүмкін психикалық бұзылыс диагнозымен аймақтық психиатрға жөнеледі.


БМСК мамандарының қызметі:

- Біріншілік психопрофилактика бойынша – жоспарлы скринингті іс-шаралар, жалпы психогигиена бойынша іс-шаралар, қауіп топтарын құрастыру, коррекциялық іс-шаралар өткізу;
- Екіншілік психопрофилактика бойынша – психикалық бұзылыстарды дер кезінде анықтау және психиатр\психотерапевтке жолдама беру;
- Психикалық бұзылысы бар науқастардың комплаенсын нығайту, психологиялық тәрбие, білім беруге бағытталған ісшаралар, отбасындағы статусын байланысын түзеуге көмектесу;
- Үшіншілік психопрофилактика бойынша - психикалық науқастарды қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту жөніндегі арнайы қоғамдық қызметтер стандарты шеңберінде іс-шараларды жүзеге асыру.

Психотерапия

● **Психотерапия** – грек тілінен аударғанда «жанды емдеу» деген мағынаны білдіреді. «Психотерапия» - термині 1872 жылы Д. Тьюктың «иллюстарция»влияние разума на тело» - кітабында енгізіліп, 19 – ғасырдың аяғынан кең қолдана бастады. Ол ауырған адамға қайырымдылық мәселелері мен шараларын қарастырады. **Психотерапияның негізі** – логопедия (сөзбен әсер ету). **Психотерапияның негізгі мақсаты** – адамның өз өміріне өзі өзгерістер енгізуіне көмектесу. Көпжағдайда психотерапия медициналық ұғым ретінде қабылданады. Медициналық әдебиеттерде және медицинамен аралас ғылыми салаларда психотерапия науқас адамның ағзасына психика арқылы емдік әсер ету ретінде қарастырылады. Психотерапия емдік әдіс ретінде әдістері педагогика, әлеуметтену, физиология, медицина, психология, т.б. ғылымдармен негізделеді

- Психотерапияны топпен не жеке – өткізуге болады.







- Мен адамдардың менен қашатынын сезінемін.

● Психотерапияның адам жан дүниесіне әсер етуі жөнінде төрт негізгі моделі бар:

- психотерапияның емдеу әдісі ретінде *медициналық моделі*;
- психотерапияны үйрету үрдісі ретінде *психологиялық моделі*;
- психотерапия манипуляция ретінде қоғамды бақылап отыру мақсатындағы *әлеуметтік моделі*;
- психотерапия адамдармен өзара әрекеттес құбылыс кешені ретінде *философиялық моделі*.
- Психотерапия үрдісі үш кезеңнен тұрады:
- алдын – ала дайындық кезеңі;
- психотерапияны жүргізу кезеңі;
- адамдар мен кері байланысты жүзеге асыру кезеңі.

- 
- Әрбір фазаның өзіне сәйкес мақсаттары бар:
 - *-қарым-қатынасты орнатуды көрсету фазасының мақсаттары:*
 - диагноз қою;
 - психотерапиялық әдістерді таңдау;
 - қажетті жағдайда медициналық тексеруден өткізу;
 - ақпаратталған келісім.
 - *-терапиялық шараларды қолдануды үйрету және көрсету мыналарға бағытталған:*
 - рөлдік құрылымдау;
 - жағымды өзгерістерді қалыптастыру;
 - қажетті жағдайда этиологиясын (себептерін) түсіндіру.
 - *-терапиялық жаттығуларды жасап көрсету фазасының мақсаттары:*
 - қажетті дағдылар мен ептіліктерді меңгеру;
 - әрекет – қылық мотивтеріне талдау жасау;
 - «мен» образын қайта құрылымдау.



● **Психотерапия** – тәжірибеде меңгерілген манипулятивті техникалар жиынтығы ғана емес, ол әрбір жағдайға психологтың тиімді шешімін дербес қолдануы, ғылым мен өнер арасында орнайтын шығармашылық үрдіс. Терапияның аяқталуы кезеңінде кері байланысты орнатудың міндеттілігі психотерапевттің жауапкершілігін арттырып, кәсіби сенімділіктің жоғарылауына жағдай туғызады.


● ***Психотерапияның клиникалық тәсілдері:***

- -гипноз
- -иландыру
- -зейнелі терапия

Гипноз (лат. hypnos - ұйқы) — сананың уақытша күйі; сана көлемінің күшеюімен және оны иландырудың мазмұнына барынша шоғырландыруымен сипатталады, мұның өзі индивидумдық бақылау және өзін ұғыну функцияларының өзгеруімен байланысты. Гипноз гипноздаушының арнайы әсер етуінің нәтижесінде немесе мақсаткерлікпен өзін-өзі иландырудан пайда болады. Гипноздық жағдайдың өздігінен болатын ерекшеліктерін саралау керек. Күйдің өзінің тән сипаттамалары: барынша иланғыштық, гипноздан кейінгі амнезияның болуы. Гипноз жағдайында субъектіге оған сананың әдеттегі жағдайында тән емес физиологиялық және психикалық реакциялар пайда болуы мүмкін. Мұның қабылдау саласына (жағымды және жағымсыз иллюзиялар), ес саласында (бұған дейінгі өмірде болған оқиғалар мен фактілерді ұмыту не еске түсіру, жаңа материалды есте сақтау процестерінің белсендірілуі), зейін саласында (зейіннің шоғырлануы мен бөлінуінің артуы), ойлау саласында (қалыпты логиканың бұзылуы немесе шығармашылық сипаттың артуы). Сендірудің ықпалымен сананың уақытша бөлініп тасталуы немесе өзінің қылықтарын саналы бақылаудан айыру. Гипноз — жасанды жолмен келтіретін ұйқыға ұқсас күй.


Иландыру

- 1) психологияда – адамға сөзбен әсер етудің, үгіт-насихаттың бір түрі. Адам түрлі жағдайда айналасындағылардың іс-әрекеті мен қылығына кейде еріксіз иланып отырады. Нәтижесінде адамның санасында бұрынғы сенімі мен бағыт-бағдарына, күнделікті әдет-ғұрпына қарама-қайшы пікірлер де тууы мүмкін. Иландыру кейде ізгі мақсатпен, кейде теріс мүдде үшін жүзеге асырылады;
- 2) медицинада – адам психикасына әсер ету арқылы емдеудің ерекше бір түрі. Адам жас кезінде иланғыш келсе, білім алып, өмір мектебінен өтіп, есейе келе оның бойындағы әр нәрсеге сенетін иланғыштық қасиет азая береді. Иландыру ойдағыдай өтуі үшін науқас мінезінің ерекшеліктерін, ауруының даму барысын жақсы білу шарт. Науқастың иланғыштығы оның жоғары жүйке жүйесінің қызметінің ерекшеліктеріне тәуелді. Иланғыштық, көбінесе, әсершіл, көңілшек не әлсіз, шаршаған адамдарда байқалады.
- Иландырудың тура (тікелей сөзбен әсер ету) және жанама (науқасқа дәрі-дәрмектің, әр түрлі медициналық емшараның жақсы әсерін атап көрсету арқылы) түрлері ажыратылады. Сөзбен иландыру кезінде дәрігердің бір қалыпты қоңыр дауыспен айтқан сөздері құлаққа жағымды тиеді, науқастың денесін сипау, көк жарықты бір өшіріп, бір жағу немесе жаңбыр тырсылын елестету, т.б. науқасты елжіретеді. Бұл кезде гипноздалушының ми қыртысында жарым-жартылай тежелу дамиды, бірақ жеке белсенді сергек бөліктер қалады; осы бөліктер арқылы дәрігер мен науқас арасындағы байланыс іске асырылады. Сондай-ақ, иландыру адамның жүйке жүйесінің қызметі бұзылып, әр түрлі жүйке ауруларына шалдыққанда (мыс., жүйкесі тозу, т.б.), шылым шегуден арылу үшін де қолданылады.




АРТ-ТЕРАПИЯ



- 
- Арт-терапия – бұл өнерге, ең алдымен бейнелеу және шығармашылық іс-әрекетке негізделген психотерапияның мамандандырылған түрі. Арт-терапия (ағылшын тілінен art – өнер, therapy – терапия, емдеу, күтім жасау, қамқорлық) – өнер мен шығармашылыққа негізделген психотерапия және психологиялық түзету түрі. Тармағынадағы арт-терапия – пациенттің психоэмоционалды күйіне ықпал ету мақсатында бейнелеу шығармашылығына негізделген терапия.
 - *Арт-терапияның негізгі мақсаттары:*
 - *катарсистік* (тазартушы, жағымсыз күйлерден босатушы);
 - *реттеуші* (нервтік-психикалық күштенулерді түсіру, психосоматикалық үрдістерді реттеу, жағымды психоэмоционалды күйлерді үлгілеу);
 - *коммуникативті-рефлексивті* (қарым-қатынас бұзылыстарын түзетуді қамтамасыз ету, дұрыс тұлғааралық мінез-құлықты, өзіндік бағалауды қалыптастыру).

- 
- Арт-терапия түрлері:
 - библиотерапия (соның ішінде, ертегі терапия) – әдеби шығармалар және әдеби туындыларды шығармашылық оқу;
 - музыкотерапия;
 - драматерапия;
 - би терапиясы;
 - қуыршақ терапия;
 - мүсіндеу терапиясы.

- 
- Медициналық психология дәрігерлердің қызметі мен аурулардың мінез-кұлқын зерттейді. Бұл сала бірнеше тармаққа бөлінеді, әрбір тармақтық адам психикасын зерттеуге қатысты мақсат-міндеттері бар.
 - а) Нейропсихолог психикалық құбылыстар мен жоғары жүйке құрылысының физиологиясын және олардың өзара қатынасын зерттейді;
 - ә) Психофармакология дәрі-дәрмек-тердің адам психикасына әсері мен күшін қарастырады;
 - б) Психотерапия — ауру адамға психикалық әдіс-айла және емдік тәсілдер қолдану мәселелерін қарастырады;
 - в) Психопрофилактика және гигиена адамның денсаулығы мен оны нығайтуға арналған шараларды жүзеге асыру жүйесін, оның әдіс-тәсілдерін айқындаумен шұғылданады.

Психофармакология

- Психофармакологиялық препараттарды 6 классқа бөліп қарастырады:
- • антипсихотиктер (нейролептиктер);
- • анксиолитиктер (транквилизаторлар);
- • антидепрессанттар (тимоаналептиктер);
- • ноотроптар;
- • стимуляторлар;
- • нормотимиктер (биполярлы бұзылыстарды емдеуде қолданылады).

Психопрофилактика

- Психопрофилактика – бұл психикалық аурулардың және олардың нәтижесінде болатын асқынулардан сақтандырумен (ескертумен) айналысатын психиатрияның бір бөлігі.
- Аурулардан сақтандыруға бағытталған жалпы профилактиканың бір бөлігі ретінде психопрофилактика нақты психикалық бұзылыстарға негізделген. Жалпы профилактикалық көптеген мәселелерді шешу Психопрофилактикаға қосқан үлес болып табылады. Мысалы: сифилистің бастапқы формаларын толық тауып, оған ерте ем қолданғану біздің елде прогрессивті паралич және ми сифилисі сияқты психикалық аурулардың жойылуына себеп болды; көптеген инфекциялық аурулардың алдын алуға байланысты сәйкес инфекциялық психоздар да жойылды. Психопрофилактикалық жұмыс организм үшін қиын жағдайларда мысалы, соматикалық және инфекциялық аурулардың дамыған сатысында солардың әсерінен болатын психикалық бұзылыстардан сақтандыруға көзделген.
- Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімі бойынша психопрофилактика біріншілік, екіншілік және үшіншілік болып бөлінеді. *Біріншілік психопрофилактикада* психикасы дұрыс адамдарды психикалық аурулардан сақтандыру жұмысы жүргізіледі. *Екіншілік психопрофилактика* басталған психикалық ауруды ерте анықтап, оның асқынған түрлерін болдырмау үшін және оның созылмалы және қайталамалы түріне ауыспауына қарсы жұмыс, ауруды бастапқы сатысында тоқтату жұмысын жүргізеді. *Үшіншілік психопрофилактика* психикалық наукастың мүгедектігіне жол бермеуге бағытталған жұмыстар болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- ПСИХИАТРИЯ Г.ҚҰДИЯРОВА, АЛМАТЫ-ҚАЗАҚСТАН 1994
- Психопрофилактические мероприятия на уровне ПМСП С. А.Алтынбеков, Н.А.Негай, А.А.Кусайнов, АЛМАТЫ-2014
- Adilet.zan.kz
Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
- Дженнингс С., Минде А. Сны, маски и образы. Практикум по арт-терапии. – СПб., 2002. – 384 с.
- Рудестам К. Групповая психотерапия. — СПб.: Питер, 2000. – 384 с.